

Ж.М.Малгелді, Д.А.Казимова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті

(E-mail: jampi.m.m@mail.ru)

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ ОРТАНЫ ҚҰРУДЫҢ ПАЙДАСЫ

Әлемдік экономикалық дағдарыстар жаңа мәселелер тудырады және мемлекеттік саясаттың халықты қажетті әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге бағдарлануы салдарынан мемлекеттің экономикаға үлкен өзгеріске әкеледі. Мемлекеттің жоғары белсенділігінің жанама салдары халықтың және бизнестің тәуекелдерге дайын еместігі және қазіргі заманғы мәселелер жағдайында экономикалық агенттер ретінде өзінің мінез-құлқын өзгерту қажеттігі болып табылады. Дегенмен, біздің көз алдымызда болып жатқан сандық революция Қазақстанның өз даму жоспарларына мемлекеттік саясат ретінде цифрландыруды енгізу қажеттігіне алып келеді.

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ Қазақстан экономикасының ұзақ мерзімді перспективада Болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін дамудың принципті жаңа траекториясына көшуі үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Бүгінде ақпараттық-телекоммуникациялық инфрақұрылым экономикалық дамудың маңызды элементі болып отыр. Қазіргі заманғы қолжетімді телекоммуникациялық инфрақұрылымсыз Қазақстанды әлемдік экономикалық және ақпараттық кеңістікте бекіту мүмкін емес. Ақт қолжетімділігі сандық экономиканы құру үшін негіз болып табылады.

Жұмыстың негізгі мақсаты болып техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету бөлігінде басқару тетіктерінің тиімділігін арттыру бойынша ақпараттық ортаны әзірлеуден тұрады. Нақтырақ айтсақ, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру бойынша ақпараттық ортаны құру болып табылады.

Ақпаратты талдау зерттеу жүргізу үшін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі деректері негізінде жүргізілді.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандырудан тұрады, оның басты мақсаты кез келген уақытта, кез келген жерде және құрылғыда (байланыс орталығы, веб-портал, зияткерлік менеджерлер, мобильді қосымшалар, SMS хабарламалар) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру мемлекеттік көрсетілетін қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде құрылған ақпараттар мен қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етудің тиімді жүйесін құру болып табылады.

"Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру" жатақханасы бар техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары көрсетеді, яғни білім алушы сондай оқу орнына өтініш білдіреді. Өтініш беруден бастап заңнамада көрсетілген барлық әрекеттер қызмет түрлері орындалады. Соңында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру заңнамада көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады, яғни өтініш білдірушіге тиісті жауап қайтарылады. Ақпараттық ортаны құру барысында қол жетімді барлық ұқсас қосымшаларды салыстыру қажет.

Жоғарыда айтылған ақпаратты қорытындылай келе, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыру үшін құрастырылған ақпараттық орта(қосымшалар) кем де

кем. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарын көздей отырып, Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін осындай қосымшалар қажет деп есептеймін және осындай қосымшалар арқылы қызмет көрсету сапасы артатынына сенімім кәміл.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011220>